

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1356 қаулысы 2003 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымша "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" деген функционалдық топтан кейін мынадай мазмұндағы функционалдық топпен толықтырылсын:

"Өнеркәсіп және құрылыс  
Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау  
министрлігі

035 Республикалық инвестициялық жобалардың  
техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу  
және сараптама жасау 303000".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*